**Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың Қазақстан Республикасына 2003 жылғы 25-27 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 312-ө өкімі

Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың Қазақстан Республикасына 2003 жылғы 25-27 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-болгар ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың Қазақстан Республикасына 2003 жылғы 25-27 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде тиісті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы хабарлап отырсын.

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 29 желтоқсандағы
N 312 өкімімен
бекітілген

**Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың Қазақстан Республикасына 2003 жылғы 25-27 қыркүйектегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспары**

| Р/с N | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындауға жауаптылар |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Мынадай құжаттардың күшіне енуі жөнінде қажетті мемлекетішілік рәсімдер жүргізу: | | |
| | 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, олардың аналогтары мен прекурсорлардың заңсыз айналымына және өзге де қылмыстарға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім; | 2004 жылдың II тоқсаны | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| | 2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасының Үкіметі арасындағы Денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | -//- | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |
| 2 | Сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту: | | |
| | 1) шағын және орта кәсіпкерлік, жоғары технологиялар, тұрақты негізде құрылыс, тамақ және өңдеу өнеркәсібі, фармацевтика және парфюмерия салаларындағы ынтымақтастықты дамыту; | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, |
| | 2) болгар кәсіпкерлерінің құрылыс материалдарын шығару, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімдерін | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды құруына жәрдем көрсету; 3) болгар құрылысшыларының Астана қаласының объектілері мен инфрақұрылымын салуға қатысуына ықпал ету | | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Астана қаласының әкімі |
| 3 | Көлік және транзит саласындағы ынтымақтастықты дамыту: | | |
| | 1) темір жол көлігі, азаматтық авиация және халықаралық автомобильдік тасымалдау салаларындағы өзара іс-қимыл; | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| | 2) Қазақстан тарабының Бургас (Болгария) - Александрополис (Греция) мұнай құбыры құрылысының жобасына қатысуы мүмкіндігін зерделеу | -//- | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 4 | Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өзара жеткізуді жандандыру | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 5 | Туризм және спорт саласындағы ынтымақтастықты кеңейту: 1) "Туризм және саяхат" (KITF) қазақстандық халықаралық туристік жәрмеңкесіне қатысу арқылы екі елдің туристік ұйымдарына әріптестік байланыстар орнатуға жәрдем көрсету; 2) туристік білім саласында тәжірибе алмасу, сондай-ақ туризм саласында кадрлар даярлау мен қайта даярлау жөніндегі ынтымақтастық; 3) бірлескен оқу-жаттығу жиындарын өткізу, спорт делегацияларымен алмасуды ұйымдастыру | тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК